КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 27 қараша №2301-25-00-2/2778 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы А.Н.Габдуллин болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Нартай»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану,
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР: (аудиобейнебайланыс арқылы)
прокурор К.Таргинова,
талап қоюшы өкілі С.Максотова,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 4 тамызда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-501 шарты жасалған. Шарт бойынша жауапкер тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде электрэнергиясын есептегішті (электронды) жеткізуге міндеттенген.

Тапсырыс беруші өтінімді веб-портал арқылы 2025 жылғы 5 тамызда жолдаған, яғни тауардың жеткізілу мерзімі – 2025 жылғы 20 тамыз болып табылады. Алайда жауапкер тауарды тапсырыс берушіге жеткізбеген.

Осы себепті, 2025 жылғы 12 қыркүйекте талап қоюшы шартты біржақты бұзған.

Талап қоюшы сотқа жолдаған талабын жауапкермен шартта көзделген міндеттеме тиісті түрде орындалмауымен негіздеген.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талапты қуаттап, қанағаттандыруды сұрады және сотқа берген түсініктемесінде электрэнергиясын есептегіш құралы жылу қазандықтарына орнатылатынын, үйлерге берілетін жылу энергиясын есептеу үшін қажет болғанын, сондықтан, тауардың жеткізілмеуі тапсырыс берушінің өндірістік жұмысына

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

кедергі келтіргенін, осының салдарынан тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар орын алғанын түсіндірді.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

Прокурор талап қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотпен анықталғандай, жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болған.

Жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындамаған, тапсырыс берушінің өтінімі бойынша тиісті тауарды жеткізбеген.

Осы себепті тапсырыс беруші тарапынан шарт 2025 жылғы 12 қыркүйекте біржақты бұзылған.

Тауардың жеткізілмеуі салдарынан талап қоюшының өндірістік жұмысына кедергі келтірілген. Сондықтан шарттың орындалмауынан талап қоюшы үшін жағымсыз салдар орын алған.

Талап қоюшы заң талабын орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2025 жылғы 23 қыркүйекте жүгінген. Көрсетілгендердің негізінде, №1 талап қанағаттандырылуға жатады.

Сот шығыны жауапкерден мемлекет кірісіне АПК 117-бабына сай өндірілуге жатады.

№2 талап бойынша

Тапсырыс берушінің мердігерден тұрақсыздық айыбын өндіру құқығы, АК-нің 292-293, 298-баптарына сәйкес келеді.

Шарттың 7.3-тармақшасында, жұмыстардың орындау мерзімі өткен жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбіп күн үшін шарттың жалпы

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 04.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2026, судья Султангалиева А. Е., 12.01.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады).

Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасынан 10% артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы айыппұл мөлшерін 2025 жылғы 23 тамыз мен 11 қыркүйек аралығындағы 20 күн үшін есептеген. Сот, бұл есепті дұрыс деп санайды. Мерзімі өткен 20 күн үшін тұрақсыздық айыбы – 7 099,8 (≈7 100 теңге) теңгені құрайды. Мұндай жағдайда, сот, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 7 100 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деген тұжырымға келеді.

Сот шығындары жауапкерден АПК-нің 109-бабына сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының «Нартай» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы –қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Нартай» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Нартай» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Нартай» жеке кәсіпкерінен «Атырау облысы Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 7 100 теңге тұрақсыздық айыбы, мемлекеттік баж төлеу үшін жұмсалған 213 теңге сот шығыны, барлығы 7 313 (жеті мың үш жүз он үш) теңге өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 04.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2026, судья Султангалиева А. Е., 12.01.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 04.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2026, судья Султангалиева А. Е., 12.01.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство